

Тәжірибелік үлгілерді әкету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1995 жылғы 27 қазандағы N 0424

1. "Қазақстан Республикасының аймағында тауарлардың (жұмыс пен көрсетілетін қызметтің) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 1002 P951002_ қаулысына сәйкес "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясы мен АҚШ-тың "AGC Group, Inc." корпорациясы арасындағы шартқа орай "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясына АҚШ-тың Сан-Диего қаласындағы "Қазақстан АҚШ-та" халықаралық көрмесіне апару үшін кейін қайта алып келетін тәжірибелік үлгілерді әкетуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және Сауда министрлігі "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясына белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

Премьер-министр